

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

Әдебиеттер тізімі:

1. Айтмағанбетова М. Балаларға көркемдік тәрбие беру. // Бала мен балабақша №11 –2015
2. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
3. Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
4. Қалиев С. т.б, Қазақ халқының салт–дәстүрі. – Алматы, 1994.–265 б.

ӘОЖ 37.04

ДАРЫНДЫ ДАРА ТУҒАН ӨНЕР ТҰЛҒАСЫ–БОЛАТ ХАМЗИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Жумабаев Мейрамғали Конысбаевич

Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің
домбыра аспабының мұғалімі

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Мейрамғалиева Айжан Мейрамғалиевна

Астана халықаралық университетінің

«Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті

Аңдатпа

Болат Хамзин–қазақтың ұлтжанды ұлдарының бірі, өнерімен елін сүйіндірген, жүрегінің жарып шыққан саз әуенімен халқының өмірін өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, туған жеріне перзенттік парызын өтеуге үлгі–өнегесін қалдырған сазгер, домбырашы, дирижер, актер, ұстаз, тума дарын иесін жатарға танытудағы құндылықтары.

Түйінді сөздер: білім, шығармашылық, патриотизм.

Аннотация

Ценности воспитания через изучение творчества Болат Хамзина, талантливое народного композитора, домбриста, дирижера, актера, учителя, который посвятил родине, народу свое творчество, воспел красоту природы родной земли, любовь, патриотизм, личность которого является образцом для подражания, как истинного патриота своей страны.

Ключевые слова: воспитание, творчество, патриотизм.

Abstract

Bolat Khamzin is one of the Kazakh talented composers, dombrist, conductor, actor, teacher, who dedicated his work to his homeland, praised the beauty of the nature of his native land, eternal immortal love, he is a role model, as a true patriot of his homeland.

Key words: education, creativity, patriotism.

Торғай даласы тума таланттарға бай өлке екені әмбеге аян. Әсіресе ақын жырауларды көп деп тудырған мекен. Осындай өлең жырдың қайнаған ортасында өмірге келген өнер иесінің бірі Болат Хамзин.

Болат Хамзин «Торғайдың Шәмшісі» атанған композитор–өзінің әсем әндерімен, асқан күйшілігімен танымал. Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында білім алған. Ең алғашқы сазгерлік туындысы «Ұялмашы, Қалқатай». Ақын С. Серіков жас сазгермен «Қайдасың, шолпаным–жұлдызым» әндерін көпшілікке ұсынды. Одан басқа «Орамал», «Жас Отау», «Амангелді ұрпағы», «Торғай қызы» әндерімен Б.Хамзиннің сазгерлік шығармасы елге кеңінен тарап кетті.

Болат Хамзин–қазақтың ұлтжанды ұлдарының бірі, өнерімен елін сүйіндірген, жүрегінің жарып шыққан саз әуенімен халқының өмірін өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, туған жеріне перзенттік парызын өтеуге үлгі–өнегесін қалдырған сазгер, домбырашы, дирижер, актер, ұстаз, тума дарын иесі.

«Шаттық боп, шалқып көгімде,
Арманға бүгін жалғандың.

Сыр құяр, әсем көңілге
 Жас Отау енші алған күн.
 Ғажап–ау шіркін кең дала,
 Келбетің сенің бүгінгі.
 Қымбатсың маған сен ғана,

Торғайым менің дүбірлі!»–деп, тебірене ән жазған Торғайлық тұңғыш сазгер Болат Хамзин Торғай топырағында дарынды дара туған өнер иелерінің бірегейі. Болат Хамзиннің шыққан тегіне, яғни өз жұртына қарай үңілетін болсақ, Бөгембайдың екінші баласы Өтегеннен–Тәжі, Тәкі, Алпыс, Жақан әулеттері тарайды. Мұның ішінде Жақаннан–Хамза, одан–Болат, Болаттан оның балалары–Ләззат, Айбар және Гүлзат тарайды.

Болат Хамзин 1938 жылы Торғай қаласының 13 ауылында дүниеге келген. Кішкентай кезінде екі шекесі торсықтай, көзі ботаның көзіндей, кішкентай ғана қойылған кекілі бар, сүп–сүйкімді және өте сезімтал болған көрінеді. Болат Хамзин 1955 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Торғай қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, халық аспаптар оркестрі құрамында сахнаға шыға бастайды. Болат Хамзин өзінің бойындағы талантымен, табиғи дарынымен Алматыда оқып жүргенде–ақ саз мамандарын таң қалдырса керек. Болашағынан үміт күттіретін шәкірттердің бірі атанып, Мәскеуде жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінің бас бәйгесін иеленеді.

Оқу бітірген соң Алматыда қалу жөніндегі ұсыныстарға құлақ аспай, еліне келеді, азаматтық парызын орындауға ұмтылады. Ол консерваторияны ұлт аспаптар оркестрінің дирижері және домбыра класы бойынша 1960 жылы бітіріп, кәсіби мамандық алады. Содан, Болат Хамзин өз еңбек жолын туған жерінде, Торғай село–сындағы өзі оқыған Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің ән–күй мұғалімі ретінде бастайды. Ә дегенмен жүзге жуық оқушының басын құрап, көп дауысты тұңғыш хор ұжымын ұйымдастырады. Бақытжан Байқадамовтың «Су тасушы қыз», халық әні «Назқоңыр», Абайдың «Айттым сәлем Қаламқас» әндерін бірнеше адам қосылып шырқағанда, бүкіл залды жаңғыртады екен. Музыканттың сезімталдығы соншалық, ол ырғақтан адамның дауысын, кімнің ырғақтан ауытқығанын тез аңғарады екен. Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде Хамзин тұратын аудан өмірінде ерекше мәдени құбылыстар көбейген екен. Қазақстанның халық әртісі Шара Жиенқұлованың бригадасымен Мәскеу қаласына сапар шегіп, домбырасымен «Жетім бала» күйін төгілткен музыкант аз уақытта Торғай өңірінде ұлттық саз аспаптар оркестрін ұйымдастырады.

Болат Хамзин қазақ музыка өнеріне қалай келді деген сұрақ төңірегінде ой толғатсақ, біріншіден, оның бойындағы тума талант нағашылары жағынан ән мен күйге баулу десек, екіншіден, мектеп қабырғасында жүргенде ән–күйден сабақ берген ұстазы Тымпиев Сейіт деген азаматтың ықпалы болған.

1950 жылдары, Болат Хамзин 6–сыныпта оқитын кезінде Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде жоғары білімді ұстаздар саусақпен санардай аз болыпты. Торғай қаласына сол жылдары бір топ институт бітірген жастар келеді. Олардың қатарында Мәлике Тұрмұхаметова, Сейіт Тымпиев те болған. Олардың ішінен Сейіт ағай ұлтымыздың жансерігі, рухани тірегі, ән мен күйге жан тәнімен берілген адам екен. Сейіт Тымпиев алғашқы оқу сабақтары басталысымен мектепте көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, домбыра оркестрін құрады. Осы үйірмеде Болат ән мен әлемнің сырына қанығып, бойына қазақ музыкасына деген сүйіспеншілікті ұялатады.

Мектеп бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясына сынақ тапсырғанда алғашқы емтихан алған ұстазы атақты композитор Ахмет Жұбанов болыпты. Болат Хамзаұлы сол кісінің алдында Темірбек Ахметовтың

«Жетім бала» күйін орындағанда ұстазы: «Мен білсем, мына баланың бойында асқақ шабыт бар, болашақта нағыз серілік қонады екен», – депті. Қазақ өнер жұлдыздарының саңылағы Ахмет Жұбановтың бұл берген бағасының тарихи маңызы бар деп есептеуге болады [1].

Сазгердің 1960 жылы оқу бітіріп келгеннен кейінгі өмірі туған еліндегі, өзі оқыған Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі, Нұрхан Ахметбеков атындағы мәдениет үйі, аудандық мәдениет бөлімі және Торғайдағы балалар саз мектебімен байланысты. Болат ағаның сазгерлік тұңғыш туындысы «Ұялмашы Қалқатай» әнінің сөзін жазушы Бекболат Әдетов жазған:

«Қалқатай қалжың айтсам күліп тұрып,

Кетуші ең жүрекке бір сыр ұқтырып»–деп, басталатын нәзік сезімге толы бұл ән ел арасында тез тарайды. Бұл ән негізінде, сазгердің асыл жары Күнзипа апайға арналған екен. Кейін сұхбаттасқанда Күнзипа апай өзі сол кездерін сағына еске алып айтқан болатын. Бұл–жас жігіттік алып ұшар адал сезіммен шын жүрегінен шыққан махаббат сыры, әні еді. Ән ойнақы, жылдам екпінде, өлшемі 2/4 өзгермейді, ре минор тоналдығында жазылған. I–октаваның ре нотасынан басталып, толқып, қайырмасында әннің шарықтау шегі II–октаваның фа нотасына дейін көтеріліп, 1,5 октаваны құрайды. Қайырмасы екі рет қайталанып, ән жоғары көтеріліп екпінмен аяқталады. Бекболатпен ынтымақтаса жазылған алғашқы бұл әннің табысы сазгерді жаңа туындыларға жетеледі. Елдегі аға ақын, талантты ақын саналатын Серғали Серіков жас сазгер Болат Хамзинмен ынтымақтастығы нәтижесінде «Қайдасың Шолпаным–жұлдызым», «Ленин комсомолы» әндері туындады. Жас ақын Серік Тұрғынбеков пен Болат Хамзиннің ынтымақтастығынан «Амангелді ұрпағы», «Торғай қызы» сынды елге кең тараған әндер келді. Осы кезеңде Болат Хамзин ақын Марфуға Айтқожинаның сөзіне «Орамал» әнін шығарды. Сазгердің әндері өте жинақы, әншілер оны сүйіп орындайды. Болат ағаның әндерін кезінде Рысты Ерденева, Бикен Махмұтова, Қазима Сейдалина, Күләй Ахметова және Арқалық қаласындағы Ө. Жәнібек атындағы жасөспірімдер театрының директоры болған Отаркүл Мұқатова сынды Торғайдың әнші қыздары шырқап, көпшілікке таратты. Жақында сол Отаркүл апаймен сұхбаттасуға үйіне барғанымызда ол кісі бізді қуана қарсы алып, қойған сауалдарымның бәріне ықыласпен жауап берді. «Сіз өнер адамы, соның ішінде Торғайдың әнші қызы ретінде Торғайлық сазгер Хамзин Болат туралы қандай лебізіңізді білдіресіз?»–дегенімде Отаркүл апай ойланбастан: «Енді айналайын, Болат Хамзин туралы бір–екі ауыз сөз айту өте аз. Болат деген–ол Торғай өнерінің Шәмшісі, Болат деген–Торғай өңірінің ең бірінші кәсіби оқу бітіріп келген азаматы. Бәріміз де Болат Хамзинге, Болат ағамызға еліктеп, профессионалдық, кәсіби деңгейде оқуға талаптанған азаматтарымыз. Ол кісі менің ұстазым, мен оны мақтан тұтамын. Оған жалғыз Торғай елі ғана емес, бүкіл Қазақстан халқы, небір композиторлар бас иген азамат. Сол Торғай елінде сол кісімен қатарлас еңбек еткеніме және сол кісіден дәріс алғанымға өте қуанамын. Өйткені, ол қайталанбас композитор. Өзінің аз ғұмырында бірнеше ән шығарды да, сол әнді Қазақстанның халқына арнай отырып, оның ішінде өзінің туған еліне, Торғай жеріне арнап жазған. Сондықтан ол кісінің атақ–даңқы тек қана Қазақстанға емес, шетелге дейін айтылса айып емес. Өйткені оның әндері Шәмшінің әндерінен ешқандай да кем емес. Бүгінге дейін Торғайдың қай жеріне барсаңыз да, той–томалақта болсын, үлкен концерттер болсын, Болат Хамзиннің әндерімен басталып, Болат Хамзиннің әндерімен аяқталады. Өйткені ол Торғайдағы бір дара тұлға»,–деп, бір ән орындап беруін өтіндік. Сонда, Отаркүл апай: «Енді өзім Торғайдың қызы болсам, өзім Болат Хамзиннің әнін орындамасам, несіне әнші боламын? Сондықтан мен өзім ойлаймын, қай бір әнші Торғайдың қызы болса да, Болат Хамзиннің «Торғай қызы» деген әнін орындап жүрген сияқты. Сондықтан мен сол әнінің бір шумағын

орындап берейін енді», – деді дағы. «Нәр алып күннен, жасарған гүлден» деп керемет даусымен шырқап жібергенде, үйінің іші жаңғырып кетті [2].

Торғай даласы деп аталатын ұланғайыр жағрафиялық аумақта Болат Хамзиннің әндері шырқалмайтын түкпір жоқ шығар. Болат Хамзиннің әндері бір–біріне ұқсамайтын, әртүрлі өлшемде, сүйкімді әуенмен, жанрлық байлығымен сипатталады. Сазгердің әндері мен орындаған күйлерін тыңдағанда шарықтап, өзінің күміс сыңғырын естігендей, Торғай даласының жусанының иісін кең далаға жайылғандай болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, халқымыздың белгілі ақыны Серік Тұрғынбековтың сөзіне жазылған, жастардың ең бір сүйікті әндеріне айналған Болат Хамзиннің «Торғай қызы» әні вальс екіпінінде, өлшемі жанрға сәйкес ән формасында жазылған. Дыбыс өлшемі кең бір жарым октавада, әуені бірінші октаваның үшінші басқышынан басталып, оның дыбыс кульминациясы (шарықтау шегі) екінші октаваның фа дыбысына дейін жетеді:

«Нәр алып күннен, жаралған гүлден

Кеудемде күй боп толғайтын

Қой жайып жалғыз, жапанда жүрген

Қызы ғой ол да Торғайдың

Қайырмасы:

Жайнаған дала көктемдей,

Шуағын жанға төккендей.

Торғай қызы салған ән,

Еркелеп маған жеткендей», – деп басталатын лирикалық сезімге толы бұл өлеңде туған жердің керемет сұлу көріністерін, Торғай өзенінің толқынын елестеткендей толқындап, құбылып, жаның рахат тапқандай болады. Бұл ән сөзі әніне, әні сөзіне сай, күн шуағына, сұлу табиғатқа, мәңгі өшпес махаббатқа арналған нәзік сезімге толы ән.

1960 жылы Болат Хамзин Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын бітіріп келген соң, Торғай өнерінің түрлері жан–жақты жандана бастады. Бұрын концерттік бағдарламалар көбіне жұтаң: домбырамен ән салу, күй тарту және кейде хор нөмірлерінен құрылатын еді. Оркестрлік шешім, полифониялық әдіс дегендер, тіпті нота сауаты ешкімнің қаперіне енбейтін. Ол келген бетте ұлт–аспаптар оркестрін ұйымдастырып, орындаушылықты фортепианомен сүйемемелдеуді, дуэтпен айтуды үйретті. Шәкірттеріне музыкалық білім беріп, кейін тіпті қайсібірі аспаптық шығармаларды нотаға қарап орындайтын болды. Сол жылдары жаңадан құрылған оркестр мен халық театрының атақ–даңқы алысқа естіле бастады. Сазгердің шығарған «Торғай қызы», «Орамал», «Қайдасың, Шолпаным–жұлдызым» және басқа да әндері көркемөнерпаздардың күнделікті репертуарына енді. Аудан жұртшылығы Отаркүл апайымыз айтқандай, той–томалақтарын, қызық–қуаныштарын Болат ағаның әндерімен өткізетін болды.

Сазгер ән шығарумен 1961 жылдан бастап айналысқан. Ол әр түрлі тақырыпқа арналған 20–дан астам әндердің авторы. «Қайдасың Шолпаным–жұлдызым», «Ұялмашы қалқатай», «Айналайын анашым», «Орамал», «Сезім сыры», «Торғай қызы», «Жас отау», «Әлі есімде сол түнім», «Ленин комсомолы», «Жасаған жеңіс», «Жас құрақ», «Арулар», «Қызбел жастарының вальсі», «Амангелді ұрпағы», т.б. Осы әндерінің үшеуі Қазақ КСР мемлекетінің ән қорына енген. Болат Хамзиннің әндерін әуесқой көркемөнерпаздармен қатар кәсіптік орындаушылар және ұжымдар да орындап, сазгердің есімі көптеген елге таныс болып, көпшіліктің сүйіктісіне бөленді.

1966 жылы халық творчествосын дамытудағы қосқан үлесі үшін Болат Хамзин «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Сонымен қатар ол 1967 жылы кеңес композиторлар одағы секретариятының дипломының иегері, Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің құрмет грамоталарымен марапатталды. 1971 жылы Қазақ КСР–

іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері атағын алды. Жеңістің 40 жылдығына байланысты өткізілген халық творчествосының I–Бүкілодақтық фестивалінің лауреаты болды [3].

Н. Ахметбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде жыл сайынғы дәстүрлі үрдісі бойынша Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ұйымдастыруымен, сазгер Болат Хамзаұлының туған күніне арналған мектеп оқушылары арасында «Таланттарды іздейміз» атты ән байқауы өтеді. Шынымен ізденіп талаптанатын болса Б.Хамзиннің әндері өте көп. Ол үшін ізденіс керек. Мәселен, оқушылар сазгердің «Жас отау», «Ұялмашы, Қалқатай», «Қайдасың, Шолпаным–Жұлдызым», «Торғай қызы» әндерін көптеп шырқайды. Талай өрендерді қанаттандырып, республикаға танытқан Болат Хамзиннің әндері жас өнерпаздарды биік белестерге жетелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бултирикова Ж.И. Өмірін өнерімен өрнектеген. – Астана: ТОО «Полиграфия сервис и К», 2006. – 84 б.
2. Сәменұлы Ш. Бекзат болмыс – Астана.: Горизонт баспасы, 2018. – 22 б.
3. Қосабаев Ж. Торғай дуан. – Алматы.: Өнер, 1982. – 65 б.

ӘОЖ 37.065

ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

Жумабаева Анар Жумабаевна

ағылшын пәнінің мұғалімі

Тобыл қаласының мектеп–гимназиясы

Казбеков Ануар Талгатович

ағылшын пәнінің мұғалімі

Дружба жалпы білім беретін мектебі

Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада жастар арасындағы құндылықтардың өзгеру себептері мен олардың қоғамға әсері қарастырылады. Жаһандану мен цифрлық дәуірдің ықпалы, ұлттық құндылықтардың әлсіреуі және әлеуметтік желілердің рөлі сараланады. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік идеялары мен біртұтас тәрбие қағидаларының жастар тәрбиесіндегі маңыздылығы талданады. Ұсынылған шешімдер жастардың рухани және ұлттық құндылықтарын нығайтуға бағытталған.

Түйінді сөздер: жастар, құндылықтар, жаһандану, ұлттық тәрбие, Ыбырай Алтынсарин, біртұтас тәрбие, рухани құндылықтар, цифрлық дәуір.

Аннотация

В данной статье рассматриваются причины изменений системы ценностей среди молодежи и их влияние на общество. Анализируется влияние глобализации, цифровой эпохи, ослабление национальных ценностей и роль социальных сетей. Также изучается значимость воспитательных идей Ибрая Алтынсарина и принципов целостного воспитания в формировании молодежи. Предложенные решения направлены на укрепление духовных и национальных ценностей среди молодежи.

Ключевые слова: молодёжь, ценности, глобализация, национальное воспитание, Ибрай Алтынсарин, целостное воспитание, духовные ценности, цифровая эпоха.

Abstract

This article examines the reasons behind changes in the value system among youth and their impact on society. It analyzes the influence of globalization, the digital era, the weakening of national values, and the role of social media. The significance of Ybyray Altynsarin's educational ideas and the principles of holistic education in shaping the youth is also discussed. Proposed solutions aim to strengthen spiritual and national values among the younger generation.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ


АЛҒЫ СӨЗ



ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

Сеитбек Бекенович Куанышбаев , география ғылымдарының докторы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма - Төрағасы - Ректоры	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Eva Smetanová	Education as a tool for cultural dialogue	6
Алиева Эльмира Максutowна	Основные принципы формирования ценностей и интересов у обучающихся в условиях образовательной среды	8
Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна	Роль, значение и пути реализации воспитания подрастающего поколения на основе национальных ценностей в организациях образования костанайской области	13
Өтелбаева Салтанат Амантайқызы	Ыбырай жайында табылған тың деректер	17
Бектурганова Римма Чингисовна	Развитие инструментов формирования исследовательской культуры у будущих педагогов	20
Моисеева Людмила Владимировна, Балюкова Татьяна Владимировна	Формирование экологической картины мира есть новое направление развития образования России	26

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**



**ЦЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:
ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ**

Абатов Нурлыбай Тулепбергенович, Кадырова Айгуль Кеулимкосановна	Жастарға ұлттық тәрбие берудің мақсаты	30
Абдикирова Динара Аманжоловна	Тәрбие негізі–ұлттық құндылықтарда	34
Абдимоминова Дилдаш Каппаровна, Омарова Дильназ Кенжебековна	Құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құрудағы геймификацияның рөлі	37
Абдуллина Татьяна Владимировна	Проблемы и возможности культурно–ценностной образовательной среды для развития функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы	42
Абитова Вера Анатольевна	Формирование гармонично развитой личности дошкольников на основе ценностей через программу воспитания «Біртұтас тәрбие»	46
Айдарханова Айымгуль Мейрамбаевна, Нурмуханбетова Нургуль Нуркеновна	Формирование интереса к предмету химия через межпредметную связь	51
Айзверт Виктория Александровна, Шпехт Наталья Васильевна	Интеграция национальных ценностей в образовательный процесс младших классов на уроках литературного чтения, математики и изобразительного искусства	57
Аймуханова Карина Темировна	Научное видение понятий «инклюзивное образование», «менеджмент инклюзивного образования»	60
Акишева Балайым Жансеитовна, Айнабекова Акмарал Сабитовна	Білім саласындағы тәрбие құндылықтары: тәжірибе, мәселе, шешім ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	63
Аликин Марк Игоревич, Лукьянченко Наталья Владимировна	Субъективное восприятие подростками – единоборцами занятий спортом	66
Алпысбаева Айнагуль Темирханговна, Карибаева Динара Булатовна	Роль и значение инклюзивного образования в современной школе	71
Альбекова Айжан Турсунбековна	Патриотическая направленность песен Розы Рымбаевой	74
Альдикенова Анар Альмухановна	Ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық әдістемелер: жастар тәрбиесі мен білім берудегі өзара ықпалы	79
Амантаева Айгуль Багитжановна	Природа философии знания	83

1 СЕКЦИЯ

Амирхамзин Наурызбай Касенғалиевич	Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы шығармашылық әрекеті	86
Амрина Аклима Алпамышевна	Білімалушылардың негізгі құндылықтарды игерудегі «Біздің өлке» электрондық құралының орны	92
Анцупова Светлана Николаевна	Инклюзивное образование на уроках физической культуры в общеобразовательной школе	97
Аралбаева Айгуль Кенесовна	Ценности воспитания в образовании: анализ опыта и перспективы	99
Аргимбаев Темирлан Ерланович	Сокровища прошлого: сущность традиционных ценностей в современном воспитании	105
Атабаева Динара Хамитовна	Воспитание детей и молодежи в системе образования казахстана: ценности, вызовы и пути решения	109
Аухатова Рза Жансултанова, Мурзағалиева Кенжегүль Зайнуллиновна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жастарды тәрбиелеудің негізгі құндылықтары	113
Аушамина Гулжан Заркимовна, Баймағанбет Маржан Мәлікқызы	Балалар арасында рухани және моральдық құндылықтардың өзгеруі: себептері мен шешу жолдары	117
Ахметғареев Дамир Рифағатович	Формирование экологической культуры через исследования: воспитание сознательности и ответственности	121
Ахметова Аймкуль Кадирбаевна, Жакаева Салтанат Ануарбековна	Концептуально–дидактическая модель подготовки студентов для музыкально–образовательной деятельности	126
Ахметова Данагул Нурмуханбетовна	Қазақ жұмбақтарындағы ұлттық дүниетаным көрінісі	131
Ахтай Жансая Маратқызы, Құлжанова Бақытгүл Райханқызы	Балалар мен жастарды тәрбиелеуде қазақ тілді жаңалық мәтіндеріндегі неологизмдер мен терминдердің рөлі	135
Аяпбергенова Алмагүл Бахитжановна	Бастауыш мектептегі заманауи тәрбиенің құндылықтары	139
Бабич Светлана Сергеевна	Формирование профессионально–личностных качеств будущего хореографа в процессе обучения в вузе	142
Баякенова Мадина Кусмановна	Роль образования в формировании ценностных ориентиров подрастающего поколения	146
Баженкова Наталья Владимировна, Магун Татьяна Ярославовна	Определение уровня стрессоустойчивости студентов института физической культуры	150
Баженова Эльмира Даулетхановна, Сәбит Айгүл Ғаниматқызы	Болашақ әлеуметтік педагогтың толеранттылығын қалыптастыру мәселесі	153

1 СЕКЦИЯ

Базарбаева Балганат Еркимбаевна	Тарихи тұлғалар жайлы білім беру арқылы жас буынды патриотизмге тәрбиелеу жолдары	157
Байгентов Бауржан Булатович	Воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного специалиста как важнейший фактор развития казахстанского общества	160
Баймаганбетова Айгерим Прмановна	Эссе как инструмент развития ключевых компетенций в цифровую эпоху: практический аспект	164
Байтенова Ляззат Бактыбековна	Платформа «qabilet»: современные решения для диагностики, профориентации и поддержки учеников	167
Байтикенова Умутгуль Какимбековна	Қазақстан тарихын оқытуда білім алушылардың тарихи құндылығын қалыптастыру	171
Бакатова Гульнара Актасовна	Современное воспитание: путь к гармоничному обществу	175
Бандурина Любовь Владимировна, Головки Наталья Григорьевна	Решение конфликтов в системе «семья–школа–общество»: пути и инструменты	180
Бекенова Салтанат Калихановна	Ақын Тұманбай Молдағалиевтің тұмадай тұнық жырлары	185
Бексултанова Раушан Каиржановна, Карашинова Алмагуль Серикбаевна	Мектептегі гуманитарлық пәнді концептуалды оқыту мен құндылықтар	190
Бектұрғанов Қуаныш Берікболатұлы, Әлім Назгүл Әлібекқызы	Оқушыларға тарихи сананы қалыптастырудағы «Қазақ халқының ұлт–азаттық көтерілістері» бағдарламасының рөлі	193
Беликов Илья Вячеславович, Чаплыгина Елена Владимировна	Физическая культура в системе физического воспитания в общеобразовательных учреждениях и высших учебных заведениях	198
Биримжанова Айгуль Каримовна, Ерманова Айгуль Боранбаевна	Дебат технологиясын білім беру үдерісінде пайдаланудың маңызы және практикалық нәтижелері	201
Бисекенова Айкенже Сериковна	Көркем еңбек арқылы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу: тәжірибе, проблемалар және шешімдер	206
Блохина Светлана Ивановна	Интеграция ценностей в образовательный процесс: формирование гармоничной личности через развитие одаренности младших школьников	209
Бойко Елена Александровна	Речевое развитие как фактор воспитания и социализации детей с кохлеарной имплантацией в условиях специального дошкольного учреждения: опыт, проблемы, направления	214
Бокубаева Мария Жанабилловна, Бузанова Лямзия Амантаевна	Ценности воспитания: симфония традиций и современности	218

1 СЕКЦИЯ

Болотько Елена Николаевна	Системный подход к формированию экологической культуры обучающихся	223
Бондаренко Марина Ивановна	Ценности воспитания на уроках русского языка и литературы: фундаментальные основы и пути их развития	226
Бондарь Виктория Сергеевна	Роль учителя в формировании моральных ценностей у учащихся начальных классов	230
Брянова Айсзуле Есимжановна, Ибраева Гульнара Айтбаевна	Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты дамыту	234
Бублий Константин Григорьевич	Steam–технологии на уроках художественного труда : синтез и творчество науки	238
